

#### **Тәжірибелік сабақ №4.**

**Тақырыбы:** Асан қайғы жыраудың өмірі, шығармашылығы. Өмірдегі Асан қайғы мен аңыздағы Асан қайғы.

**Мақсаты:** Асан қайғы жыраудың өмірі, шығармашылығымен танысу. Асан Қайғы жыраудың шығармаларын,оның зерттелуі, жырау Асан мен аңыздағы Асанның ара жігін ажырату

#### **Негізгі сұрақтар:**

1. Асан қайғы туралы тарихи аңыздар.
2. Аңыз-ата өмірі туралы деректер, ізденіс зерттеулер, өлең-жырлар.
3. Жәнібек ханға арналған толғаулардағы елді, мемлекеттік мәселелер, хан мен халық арасындағы байланыс т.т. “Көшпенділер философы”

**Тапсырма:** Аталмыш тақырыпты ғалымдар еңбектерінен жинақтап, қысқаша конспектілеп, мазмұндау

**Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау:** «Тауарих хамсада» Шыңғыс хан кезіндегі Майқы бидің алтыншы ұрпағы деп келтірілуі. Асанның біраз өмірінің Қазанда хандық құрған Алтын Орда әміршілерінің бірі – Ұлұғ Мұхамед тұсында өтуі. Кейін қазақ ханы Жәнібек маңында болғаны Асан қайғы туралы М.Әуезовтың, Ш.Уәлихановтың, Х.Сүйінішәлиевтің т.б. ғалымдардың пікірлері жайлы. «Ежен хан мен Асан», «Жер үйек», әсіресе, «Жер үйектің» халық арасында кеңінен таралуы.

Конспект материалды толық оқып шыққаннан кейін жасалатын жазба жұмыс. Ол мәтіннен қысқаша түсінік алып, керекті жерлерін алу. Автордың негізгі ойлары конспект жасауда сөзбе-сөз көшіріліп алынбайды, өзіндік оймен қорытынды жасалып жазылады.

**Есеп беру түрі:** Конспект. Асан қайғының «Еділ бол да, Жайық бол» өлеңін жаттау.